

## Кейс: Инклюзивті экономика

ҚР-да 2021 жылдың басында тұрақтылықты арттыру және инклюзивті экономикаға көшу мақсатында экономикалық өсуді жеделдету атты дамудың жаңа бағыты қабылданды.

2025 стратегиялық жоспары инклюзивті экономикалық өсу идеясын іске асырады. Дүниежүзілік банк инклюзивтік өсуді экономиканың барлық секторларында кеңінен таралған, еңбек күшінің елеулі бөлігін тартатын және нарық пен ресурстарға қолжетімділіктегі тең мүмкіндіктермен сипатталатын жоғары және тұрақты (ұлт байлығы өсуінің маңызды шарты) ретінде айқындайды.<sup>1</sup>

### ҚР-дағы халықтың өмір сүру деңгейінің индикаторлары<sup>2</sup>

| № | Индикаторлар                                                                                     | 2016ж. | 2017ж. | 2018ж. | 2019ж.  | 2020ж.  |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|--------|--------|---------|---------|
| 1 | Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі (кедейшілік деңгейі), % | 2,5    | 2,7    | 4,3    | 4,3     | 5,3     |
|   | қала                                                                                             | 1,2    | 1,2    | 2,5    | 2,7     | 3,7     |
|   | ауыл                                                                                             | 4,2    | 4,6    | 6,7    | 6,6     | 7,6     |
| 2 | Табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен халықтың үлесі, %                                      | 0,1    | 0,1    | 0,1    | 0,1     | 0,2     |
|   | қала                                                                                             | 0,0    | 0,1    | 0,1    | 0,1     | 0,1     |
|   | ауыл                                                                                             | 0,1    | 0,3    | 0,2    | 0,2     | 0,2     |
| 3 | Кедейліктің тереңдігі, %                                                                         | 0,4    | 0,4    | 0,7    | 0,7     | 0,8     |
| 4 | Кедейліктің тақыршылығы, %                                                                       | 0,1    | 0,1    | 0,2    | 0,2     | 0,2     |
| 5 | Үй шаруашылықтарының табыстары (тұтынуға пайдаланылған), орта есеппен жан басына шаққанда, теңге | 44 198 | 48 619 | 53 224 | 57 725  | 61 358  |
|   | қала                                                                                             | 49 023 | 54 659 | 60 034 | 66 207  | 67 591  |
|   | ауыл                                                                                             | 37 731 | 40 502 | 43 919 | 45 829  | 52 398  |
| 6 | Тұтынуға пайдаланылған табыстардың ең төмен күнкөріс деңгейімен арақатынасы, %                   | 204,5  | 204,4  | 196,6  | 195,7   | 185,8   |
| 7 | Халықтың жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табыстары, теңге                            | 76 575 | 83 710 | 93 135 | 104 282 | 114 995 |
| 8 | Нақты ақшалай кірістер индексі, %                                                                | 99,3   | 101,8  | 105,0  | 106,4   | 103,3   |

### Еңбектің негізгі көрсеткіштері бойынша серпінді қатарлар<sup>3</sup>

|                                 | 2016ж. | 2017ж. | 2018ж. | 2019ж. |
|---------------------------------|--------|--------|--------|--------|
| Орташа айлық атаулы жалақы      |        |        |        |        |
| теңге                           | 142898 | 150827 | 162673 | 186815 |
| АҚШ доллары                     | 418    | 463    | 472    | 488    |
| Индекстер, өткен жылға пайызбен |        |        |        |        |
| атаулы жалақы                   | 113,4  | 105,5  | 107,9  | 114,8  |
| нақты жалақы                    | 98,9   | 98,3   | 101,7  | 109,1  |
| Ең төменгі жалақы мөлшері       | 22859  | 24459  | 28284  | 42500  |

## Еңбек нарығының негізгі индикаторлары<sup>4</sup>

|                                    | 2016ж. | 2017ж. | 2018ж. | 2019ж. | 2020ж. |
|------------------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|
| Жұмыс күші, мың адам               | 8847,2 | 8888,7 | 8991,3 | 9159,6 | 9227,7 |
| Жұмыспен қамтылған халық, мың адам | 8396,9 | 8449,0 | 8551,8 | 8716,9 | 8786,1 |
| Жұмыссыз халық, мың адам           | 450,3  | 439,7  | 439,5  | 442,7  | 441,6  |
| Жұмыссыздық деңгейі, %             | 5,1    | 4,9    | 4,9    | 4,8    | 4,8    |

### Оқуға түсушілерге арналған сұрақтар:

1. ҚР Еңбек және жұмыспен қамту нарығына талдау жасаңыз, экономикалық өсу факторы ретінде инклюзивті экономиканы қалыптастыру қажеттілігін негіздеңіз.

2. Сіздің ойыңызша, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және теңестіру үшін қандай экономикалық құралдарды қолдану керек?

### Дереккөздер:

1. <https://primeminister.kz/ru/documents/gosprograms/stratplan-2025>  
2.3.4. <https://stat.gov.kz/about/general/regulation>